# SOZAQ ÚNI

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

www.sozak-uni.kz

№30 (9292)

ЖҰМА

25 сәуір, 2025 жыл


Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ

22.04.2025 ж №26

## Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма жетінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма жетінші сессиясы 2025 жылғы 28 сәуір, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

**О.Жәмиев,**
**Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.**

## Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма жетінші сессиясы 2025 жылғы 28 сәуір, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 28 сәуір, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 28 сәуір, сағат 10.00-де өткізіледі.

**Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:**

Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №165 «2025-2027 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**О.Жәмиев,**
**Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.**



## Тоқаев пен Бердімұхамедов Turkistan визит орталығына барды

Меймандарға көне «Күлтөбе» қалашығының тарихи келбетін сақтау және абаттандыру жобасы туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов тарихи ескерткішті музейге айналдыру барысымен танысты. Қалашықтың 27 гектар аумағында археологиялық қазба жұмыстары аяқталған.

Сонымен қатар таяуда ашылатын «Қолөнершілер қалашығының» тұжырымдамасы таныстырылды. Оның ішінде шеберханалар, ұлттық тағам түрлерін ұсынатын орындар, шығыс базары және шағын қонақ үйлер орналаспақ.

Осы орайда биыл 25 наурызда Түркістанға World Craft Council халықаралық ұйымының шешімімен «Қолөнершілер қаласы» деген мәртебе берілгенін атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, визит орталықта Қазақстан Президенті мен Түрікменстанның Ұлт көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бірегей тарихи жәдігерлермен танысты.

# Атаулы жыл аясындағы заңнамалық бастамалар

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге арналған Іс-шаралар жоспары аясында Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру мәселелері жөнінде жиын өтті.

Жиында депутаттар мүдделі тараптармен бірге жұмысшы мамандықтарды қолдау және олардың беделін арттыру шараларын талқылады. Сондай-ақ олар аталған бағыттағы заңнаманы жетілдіруге қатысты ұсыныстарын айтты.



Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге арналған Іс-шаралар жоспарын қабылдап, жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарды бекітті. Сенат төрағасы Президент тапсырмаларын сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың белсенділік танытуы маңызды екенін айтып, бұл ретте техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін кешенді түрде жаңғырту қажеттігіне назар аударды.

«Сенат Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп берген міндеттерді орындау үшін заңнаманы жетілдіруге арналған бастамаларды белсенді түрде ілгерілетуді көздеп отыр. Осы іске сарапшыларды, ғалымдарды және сала мамандарын жұмылдырудың берері мол. Жалпы, бұл бағытта, ең алдымен, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін сапалы қайта жаңғырту қажет. Сондай-ақ аталған білім беру жүйесін жаһандық трендтерге бейімдеу және ішкі еңбек миграциясын оңтайлы дамыту да аса маңызды. Жұмысшы мамандық иелерін әлеуметтік қолдаудың және олардың беделін арттыру жұмыстарын жүргізу де ерекше мәнге ие. Қазір Сенат осы бағыттағы заңнамалық бастамалармен жұмыс істеп жатыр», деді М.Әшімбаев.

Сонымен қатар палата спикері бұл кездесу Сенаттың орталықта және өңірлерде атқарып келе жатқан жұмысының жалғасы екенін тілге тиек етті. Нақты айтқанда, депутаттар бұған дейін Петропавлда өңірлерде еңбек ресурстарын дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өткізген еді. Бұған қоса еңбек адамын қолдау мәселесі Парламенттік тыңдауда және Сенаторлар кеңесінің отырысында талқыланды. Аталған іс-шараларда бұл бағыттағы өзекті мәселелерді шешуге арналған заманауи тәсілдер сөз болды.

Бүгінгі кездесуге қатысушылар білікті кадрлар тапшы қазіргідей кезеңде білім беру жүйесінің барлық буынын дамыту өте өзекті мәселе екенін айналып отырғанын баса айтты. Сенат төрағасы атап өткендей, бұл ретте білім беру жүйесінің еңбек нарығымен және өндіріспен өзара іс-қимыл сапасын арттыру, оны шешу барлық мүдделі тараптың жүйелі әрі кешенді бірлескен жұмысын қажет етеді.

Іс-шараға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, басқа да мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, «Машина жасаушылар одағының» және «Отбасы банктің» басшылығы, сондай-ақ сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

*«Созақ үні»-ақпарат.*

# ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Түркістан облысы бойынша өкілі Наталья Сұңғатқызы Қожабекова аудан аумағындағы өндіріс орындары өкілдерінің қатысуымен «Еңбекті қорғау жүйесіндегі түйінді тенденциялар мен негізгі перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүргізіп отырды. Шара барысында ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі Наталья Сұңғатқызы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамаға тоқталып, қоғамдағы азаматтардың құқықтарын сақтау мен қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударды.

Сондай-ақ, «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы, Созақ аудандық филиалының төрағасы Мыңжасар Асқаров Еңбек кодексінде көрсетілген азаматтардың құқықтары жайында сөз қозғады.

Жиынға қатысқан өндіріс орындары өкілдері өз кезегінде адам құқықтарын сақтау бойынша атқарылып жатқан профилактикалық шаралар туралы айтып, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өз тәжірибелерімен бөлісті.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***



# СЫЗҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ЖАҢА ӘКІМ САЙЛАНДЫ

Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі тұрғындарының дауыс беру қорытындысы бойынша ауылдық округ әкімі қызметіне Жаппарқұлов Базар Рахманбердіұлы сайланды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Сызған ауылдық округіне арнайы барып, жаңа әкімді ұжымына таныстырды. Халықтың әл-ауқатын арттыру, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған кешенді жұмыстарды жүйелі түрде атқаруды тапсырды. Сонымен қатар, ауылды көркейту жолында аянбай еңбек ететініне сенім білдіріп, сәттілік тіледі.

Сайлау нәтижесімен Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Талғат Нағиұлы таныстырып, жаңа әкімге қызметтік куәлігін табыс етті. Рәсімге қатысқан ауыл ақсақалдары мен тұрғындар жаңа сайланған әкімнің жұмысына сәттілік тіледі.

Жаппарқұлов Базар Рахманбердіұлы – 1982 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары.

2007 жылы Көкшетау университетін, 2012 жылы Қазақ-Кувейт университетін «Заңтану» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2004 – 2006 жылдары «Мұрагер» колледжінде оқытушы ретінде бастап, 28.03.2006-06.06.2006 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде күзет бөлімінің инспекторы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ жанындағы көпсалалы колледжде оқытушы, 26.07.2009-14.05.2014 жылдары «Волковгеология» барлау экспедициясында қиыршық тас даярлаушы, «Волковгеология» барлау экспедициясында компрессор қондырғысы машинисі, 15.05.2014 – 11.02.2015 жылдары АО «Волковгеология» ГРЭ-7 ЖШС-де компрессоршы, 11.02.2015-17.07.2015 жылдары Шұбарсу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-статисі, 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін – Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-заңгері қызметін атқарған.

# ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП-ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

2025 жылдың 21 сәуір күні Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Құмкент ауылдық округі бойынша жастар ісі жөніндегі әдіскері Н.Қожабековтің ұйымдастыруымен түнгі уақытта қоғамдық тәртіпті қадағалауға бағытталған рейдтік іс-шара өткізілді.

Шараның негізгі мақсаты-кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі мезгілде тұрғынжайдан тыс немесе ойын-сауық мекемелерінде жүру фактілерінің алдын алу, құқықбұзушылықтың жолын кесу және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

Кешкі сағат 21:30-дан 00:30-ға дейін жүргізілген рейдке полиция майоры С. Оспанов (Созақ АПБ ЖПҚБ УПИ) және кезекші топ мүшелері қатысты. Рейд барысында жастар көп шоғырланатын орындар–дүкендер, ойынханалар, кафелер мен саябақтар араланып, кәсіп иелеріне бірқатар ескертулер берілді.

Атап айтқанда:

• 21 жасқа толмағандарды түнгі уақытта мекемеге кіргізбеу;

• 22:00-ден кейін кәмелетке толмағандардың ойынханаларда болуына жол бермеу;

• Спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату фактілері анықталған жағдайда аудандық ішкі істер бөліміне хабарлау қажеттігі ескертілді.

Мұндай рейдтік іс-шаралар–жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолы.

# Облыстық байқауда топ жарды

Созақ аудандық орталық кітапханасының белсенді оқырманы, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназияның география пәнінің мұғалімі Амангелді Жүрсін «Желегін кір шалмаған көңілімнің» атты «Әселхан оқулары» облыстық мәнерлеп оқу байқауында I орын иеленді.

Отырар аудандық кітапханасының бастамасымен ұйымдастырылған байқау айтыс өнерінің ақтаңгері, сөз зергері Әселхан Қалыбекованың шығармашылығына арналды.



# БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫНА СЕРПІН БЕРГЕН КҮН!

2025 жылдың 22 сәуір күні Қарақұр ауылында “Жастар салауатты өмір салты үшін!” атты кең көлемді акция аясында Street Workout алаңында жастарға арналған ауқымды іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Шараға 50-ден астам жас қатысып, түрлі спорттық жаттығулар мен жарыстарға белсене қатысты. Жастар өзара бірлік пен достықтың үлгісін көрсетіп, белсенді өмір сүру–жарқын болашақтың кепілі екенін дәлелдеді.

Іс-шара барысында салауатты өмір салтының маңызы кеңінен түсіндіріліп, зиянды әдеттерден аулақ болу жолдары мен дұрыс тамақтану, белсенді қозғалыс туралы пайдалы кеңестер берілді.

Бұл бастама–жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға, бұқаралық спортты дамытуға және жастар арасында дұрыс өмірлік көзқарас қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Ұйымдастырушылар мұндай пайдалы шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізілетінін жеткізді.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ-ҚАЙЫРЛЫ ІС

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Қарақұр ауылдық округінің ерікті жастары қайырымдылық бағытында игі іс атқарды. Жастар жалғыз ілікті Сапар апамыздың үйіне барып, бір реттік азық-түлікпен көмек көрсетті.

Іс-шараның басты мақсаты–қоғамда мейірімділік пен жанашырлықты дәріптеу, аз қамтылған отбасылар мен мұқтаж жандарға көмек көрсету арқылы бірлік пен ынтымақты арттыру.

Қайырымдылық–халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Жастардың бұл игі бастамасы үлкендерге құрмет көрсетудің жарқын үлгісі болды. Сапар апамыз жастарға риясыз алғысын айтып, ақ батасын берді.

Мейірімділік пен қамқорлық–жүректен жүрекке жететін ең асыл сезім.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Марапат құтты болсын!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығы бойынша Созақ аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Аталған марапатты Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Кенжебекұлы Алтаев табыстады.

Ауданның «Құрметті азаматы» Берік Мыңжанұлын лайықты марапатымен шын жүректен құттықтаймыз!

Биылғы жылы, 1995 жылы 30-шы тамыз күні бүкілхалықтық референдумда қабылданған Тәуелсіз жаңа Қазақстанның қазіргі қолданыстағы Конституциясына- 30 жыл толғалы отыр. Конституция арқасында ел азаматтары мемлекет кепілдік берген құқықтар мен бостандықтарды пайдалана отырып, еркін, егеменді елде өмір сүріп келеді.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандап, аңсаған тәуелсіздіктің ақ таңы бүгінгі ұрпақтың маңдайына жазылған үлкен бақыт. Ата заңның халқымызға сыйға тартып отырған ең үлкен қуанышы мен бақыты -әуелі жаратушының, одан кейін біз өмір сүріп отырған мемлекеттің алтын діңгегі Конституциялық құқық-ол өмір сүру құқығы болып табылады.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолында осындай заңдар болған ба еді?-деген заңды сұрақтың көкейде тұрары даусыз.



# Ата Заңым-айбыным

Адамзат баласы жаратылғалы бері қауымның, қала берді тайпаның әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің негізіндегі қатынастарға сүйене отырып өмір сүргенін білеміз.

Тарихта алғашқы табылған заңдар жинағы біздің ата-бабаларымыздың құрған Қыпшақ мемлекетіндегі «Кодекс куманикс» деп аталатын заңдар жинағы болған. Одан кейінгі дәуірде түрік қағанаты тұсында «Төру бітігі»заңы арқылы ел басқару ісі қолданылса, Алтын Орда мен Жошы ұлысы тұсында «Шыңғыс ханның Жасасы» заңдар жиынтығы арқылы билік жүргізген. Одан кейінгі дәуір Қазақ Ордасы құрылған уақыттан бастап «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің кезінде «Жеті жарғы» сияқты заңдардың болғаны тарихтан мәлім.

Ал Қазақстанның жаңаша дәуір тарихында қанша рет Конституция қабылданғанын оқырман қауымның біле жүргені де артық болмас. Осы соңғы қабылданған Конституцияға дейін елімізде 4 рет (1926 ж, 1937 ж, 1978 ж, 1993 ж.) Конституция қабылданған болатын. Осы орайда көзі қарақты оқырман қауым 1993 жылдың 28 қаңтарынан кейін не себепті іле-шала 1995 жылдың 30-шы тамызында тағы да Конституция қабылдау неге қажет болды? деген ойға қалары сөзсіз. Оның жауабын айтар болсақ, кеше ғана Тәуелсіздік алған Қазақ еліне нарықтық қатынастарға өтіп жатқан қоғамда экономикалық дағдарысты жылдам әрі қысқа мерзімде еңсеріп шығу үшін Президентке басымдық берілетін басқару институтының қажеттігі күн сайын сезіле бастаған еді. 1993-1995 жылдары еліміздің әлеуметтік-экономикалық саланы өркендету бағытындағы қабылданатын заңдар мен шешімдер Жоғарғы Кеңестің құзырында еді. Ал Кеңестің шешім қабылдауы үшін заң бойынша сессия үш айда бір рет қана шақырылатын. Сондықтан уақытты оздырмай заманның үдерісіне жауап бере алатын жаңа Конституция қабылдау қажеттігі өзінен-өзі туындады. Осылайша Президенттің жарлығымен 1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституцияның жобасы бүкіл халықтық референдумға дауыс беруге шығарылды. Нәтижесінде еліміздегі сайлаушылардың 98%-ы қолдап дауыс беру арқылы жаңа қазіргі қолданыстағы Конституция қабылданды. Конституция 9 бөлім, 98 баптан тұрды. Жаңа заңның алдыңғы заңнан қандай артықшылығы мен ерекшеліктері болды деген сұраққа тоқталар болсақ;

Біріншіден, бұл Конституцияда жаңа тұрпаттағы елдің басқару жүйесі толығымен Президенттік дара билік жүйесі бойынша құрылды;

Екіншіден, қос палаталы кәсіби Парламент-заң шығару органы жаңадан енгізілді.

Үшіншіден, биліктің үшінші тармағы атқарушы орган–Үкімет жасақталатын болады.

Төртіншіден, елдегі қабылданатын Конституциялық заңдар мен нормаларға түсініктеме беретін және оның Ата заңға қайшы келмейтін құжаттарды қарайтын Конституциялық Кеңес құрылды.

Осы орайда бір мән беретін жағдай, көпшілікке Конституция бойынша Қазақстан қандай мемлекет құрып отыр?-деп сауал қойсаңыз, басым көпшілігі «Қазақстан-егеменді мемлекет құруда» деп жауап беретіні даусыз. «Егемен» деген сөз- бұл елдің еркін саясат жүргізетін, ешкімге тәуелді емес деген мемлекеттік ұғымды білдірері ақиқат. Бірақ Конституция бойынша Қазақстан мемлекеті –демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде құрылып отырғанын білуіміз керек. Осы құрылған мемлекеттің өзіне алып отырған міндеттемесінің мәнін ашып көрсетер болсақ;

-Демократиялық-бұл бүкіл елдің билік жүйесі ашық еркін сайлау арқылы жүргізіліп басқарылатын институт. Қоғамдағы татулық пен саяси тұрақтылық негізінде құрылатын басқарудың саяси режимі болып табылады.

-Зайырлы-діни мекемелер мен дін ұстау мемлекеттен бөлектігін білдіреді.

-Құқықтық мемлекет-қоғамдағы заңның үстемдігі. Заң тиым салынбағанның барлығынарұқсат етіледі, мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат етілетін болады.

-Әлеуметтік мемлекет-мемлекет жекелеген топтарға емес, тұтас қоғамдағы азаматтарға қызмет етеді. Әлеуметтік қамсыздандыру мен табысы төмен отбасылар тобын қорғауға алады деген сөз.

Конституциялық құқықтар арқылы азаматтар білім алу, денсаулығын сақтау, тұрғын үй алу, тұрғылықты мекен жайды еркін таңдау, еңбек ету, меншік және кәсіпкерлік т.б. құқықтармен қатар саяси бостандықтарды (сайлауға және сайлануға, сөз және жиналыс т.б.) кеңінен пайдалануда.

Азаматтар өз құқықтары мен бостандықтармен қатар мемлекет пен қоғам алдындағы конституциялық міндеттердінде бар екенін естен шығармағаны жөн. Оны айрықша айтып отырған себебім: соңғы жылдары жастарымыздың Отан қорғаудан қашқақтауы, тарихи ескерткіштерді бүлдіруі, вандализмнің етек алуы, қоршаған орта мен табиғатты ластау мен қирату сияқты келеңсіз жағдайлардың бар екендігі алаңдатады. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау және қастерлеуді конституциялық міндет деп қарамау да қылаң беріп қалады. Кәсіпкерлердің салықтан жалтаруы және тұрғындардың заңды сыйламауы сияқты олқылықтардың да орын алып жүргендігі жасырын емес. Конституция талабы бойынша Отанды және табиғатты қорғау, заңды сыйлау және құрметтеу, тарихи ескерткіштерді көздің қарашығындай сақтау, салықты уақтылы төлеу, мемлекеттік рәміздерді қадірлеу мен қастерлеу-әрбір Қазақстандықтардың Конституциялық міндеті болып табылады. Бұл міндетті орындамау немесе оны аяқ асты ету анықталған жағдайда заң алдында жауап беруге тура келетінін ұмытпағанымыз абзал.

Тақырыпқа айдар тағып, «Ата Заң» деп атауымның себебіне тоқталар болсам, елімізде заң шығарушы орган–Парламент жыл сайын жүзден астам заң жобасын қабылдайды, егер сол заңның бір бабы Конституцияға қарсы қарама-қайшылық тудырар болса, ол бап Президенттің қол қоймау (вето құқығы) құқығымен кері қайтарылады. Сондықтан Конституцияға құрметпен қарау, оның талабын бұлжытпай орындау, құқығымызды қорғай отырып, өзгенің құқығына азаматтық таныту әрбір Қазақстандықтардың міндеті әрі парызы болып табылады.

***Талғат ШАЙМЕРДЕНОВ,***
***Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.***

---

**Өрлеу**

# Біліміміз толыға түсті

Аудан орталығындағы Н.Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінде көркем еңбек пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту тақырыбында біліктілігін арттыру курсы өткізілді.

Курста 25 тыңдаушы бар. Курс тренері Айдарбек Бәкіржан Әшірәліұлы өзінің шеберлігін танытып, жан-жақты дамыту жұмыстарымен тапсырмаларды көрсетуде. Жас маман болғандықтан, курстың атын естігеннен қатты қызығушылықпен келгенім рас. Алайда келгеннен бастап, күнделікті сабаққа қатысып өзім ойлағаннан да артық тың тиімді тәсілдерді үйрендім. Атап айтсам қазіргі таңда мотивацияны қажет ететін оқушылар сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, са-



бақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. «Өрлеу» мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Зерттеу сабағы мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады. Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады. Оқушының оқуы жақсарады.

Бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едім. Курс аясында қоржынымыз құнды дүниемен толыққанына сенімдіміз. «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана шәкірттердің білімге құштарлығын, қызығушылығын арттырып отырады. Алғашқы күннен ынтымағы мен бірлігі жарасқан, курсқа түгел қызығушылықпен қатысқан көркем еңбек пәнінің мұғалімдер жоғары белсенділікпен сабақтарға қатысып, өз шығармашылықтарын ортаға салып, курстағы әр күнгі сабақтардың сапалы етілуіне ықпал етті. Материалдық базаны жабдықтап, курстың жоғары деңгейде өтуіне үлкен үлес қосқан, ерекше демеушілік көрсетіп, нағыз азаматтық танытқан Н.Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицей әкімшілігіне, Осы курсты жоспарлаған “Өрлеу” БАҰО” АҚ Түркістан облысы бойынша КДИ филиалы басшысының, ұжымына мектеп ұжымына курсымыздың атынан үлкен алғысымызды, ризашылығымызды білдіреміз! Ұстаздар әр тақырыпқа теория мен практиканы ұштастырып тапсырмаларды белсенді атқарды. Екі апталық оқуымыз бір күнгідей өтіп, курс жетекшіміз, біліммен тәрбиені байланыстыра білген. Айдарбек Бәкіржан Әшірәліұлының шығармашылығымен танысып көп әсерде болдық.

***Нұрлыбек БЕКЖІГІТОВ,***
***Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мктебінің мұғалімі.***

# Бір шаңыраққа қос қаралы қағаз

Кешегі Жамбыл, Кенен аталымыздай қазақтың нар тұлғалары сияқты Шойынбет бидің де ұрпақтары Ұлы Отан соғысына ерікті түрде аттанып, отанымызға қауіп әкелген неміс басқыншыларымен аяусыз күрескен еді. Шойынбет биден уақтысында Рахпан, Алшынбек, Тәжібек, Арғынбек, Айжамал атты ұлқыздары тараған. Солардың бірі Рахпан атамыздан Есен есімді перзент дүниеге келіп, кейін Есен мен ағасы Тәжібек Ұлы Отан соғысына аттанып, кейін артынша артынан қаралы қағаз келген созақтық жауынгерлердің бірі. Қайтыс болды деген қағаздан басқа ештеңе жоқ. Қай жерде, қай майданда, қай жылы? Қайда жерленген деген сияқты хабар жоқ болды. Мүмкін ағалы-інілі қос арыс орыс ормандарындарында не болмаса неміс басқыншыларынан азат ету жолында өзге елдердің аумағында қалды ма? Әлде алғашқы лекпен кеткендіктен Мәскеу түбінде опат болды ма? Ол жағы әлі күнге дейін беймәлім жағдайда. Анығы отан үшін опат болғаны анық. Одан кейін аттанған інісі Шойынбетов Алшынбек 1915 жылы Үштөбе ауылында туған. Үштөбе ауылында ескіше ауыл молдасынан оқып сауаттанған.

1930 жылдан 1957 жылға дейін Сталин колхозы «1 Май» селолық советінде колхозшы болып жұмыс атқарған.

1940 жылы 21 ақпанда Созақ аудандық әскери комиссариатынан Совет Армиясы қатарына шақырылған. Алшынбек 1942 жылы 17 наурызда Ұлы Отан соғысында ауыр жарақат алып, ауылға оралған. Соғыс кезіндегі ерлігі үшін «Германияны жеңгені үшін» медалімен наградталған. 1957 жылдың 1 наурызында Калинин атындағы совхоздың №1 фермасының бухгалтері болып тағайындалып, 1962 жылы Жартытөбе совхозы болып өз алдына бөлініп шығуына байланысты Жартытөбе совхозының бухгалтері болып ауыстырылған.

1962 жылдың 1 маусымынан Жартытөбе совхозында №1 фермасында бухгалтер, есепші, аға жұмысшы болып қызмет атқарып 1978 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше рет мемлекет тарапынан орден, медалдармен марапатталған. 1985 жылы 24 сәуірде соғыс салған зардаптан жетпіс жасында қайтыс болған. Алшынбек атамыздың жұбайы Абдиева Пітей 1925 жылы Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында туылған. Жартытөбе ауылындағы бастауыш мектепте білім алған.



1942 жылдан бастап Жартытөбе ауылында бастауыш мектепте кітапханашы, ауылдық кітапхананың кітапханашысы болып жұмыс істеген.

1956 жылдың 30 маусымынан бастап 1981 жылдың 13 қарашасына дейін, яғни, зейнеткерлікке шыққанша «1 Май» колхозының (кейін аты Аққолтық болып ауысқан) байланыс бөлімшесінің бастығы болып 25 жыл қызмет атқарған.

Осы мерзім аралығында мінсіз қызметі үшін аудандық байланыс торабынан бірнеше рет мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтармен марапатталған. Бірнеше рет 1-Май сайлау округінен ауылдық советке депутат болып сайланған «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі үшін», «Тыл ардагері» медалінің иегері. Абдиева Пітай апамыз 2005 жылы 19 сәуірде сексен жасында қайтыс болған. Төрт бала өсіріп, тәрбиелеген ана. Алшынбек атамыз әмеңгерлікпен алған Злиха анадан Айшагүл, Несібелі апаларымыз туылса, Пітәй апамыздың балалары-Алшынбеков Мұрат-Комсомол, кәсіподақ, ауыл әкімшілігінде түрлі мемлекеттік қызметтер атқарған. Бүгінгі таңда зейнет демалысында жүр.

Шойынбет Жабалбай ағамыз филология ғылымдарының кандидаты. Абайтанушы, ғалым. Абай институтының директоры.

Алшынбеков Әмірхан көп жылдар қалалық, облыстық кірістер басқармасында қызмет атқарған. Салық саласының үздік қызметкері.

Ал енді Арғынбек атамыздан тараған ұрпақтары айтар болсақ, марқұм Әшірхан талай жылдар Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық технология лицейінің кәсіподақ ұйымын басқарды. Жас ұрпаққа тәлім, тәрбие, білім берген абзал ұстаз болатын. Соңынан ерген іні-қарындастары Әшімхан, Мамырхан, Алмасхан, Клара, Венера, Эльмира, Мира атты ұл-қыздары бар. Барлығы Тәуелсіз еліміздің дамуы мен өркендеуі, гүлденуі жолында айшықты еңбек етіп келе жатқан азаматтар. “Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген!”-демекші аты өшкір қу соғыс енді болмасын! Ана жыламасын, бала жетім қалмасын!

Биыл 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында батыр жауынгерлердің ұрпақтары майданнан аман есен оралып, бері де қайтыс болған және майдан даласында опат болған аталарының рухына бағыштап ас беруді ниет етіп отыр. Ниеттері қабыл, мұраттары асыл болсын!

***Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.***

# «Жастар Таза Қазақстан үшін!» экологиялық акциясы

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай еліміздің табиғаты мен қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан»-экологиялық акцияцы өңір-өңірде белсенді түрде жалғасын тауып келеді. Республикалық акция аясында еліміздің барлық аймақтарында өзен-көлдер мен ормандарды, саябақтар мен басқа да табиғи аумақтарды тазарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Акцияға волонтерлер мен мемлекеттік органдар, және экологиялық ұйымдармен қоса қарапайым тұрғындар да белсене қатысуда.



«Таза Қазақстан» акциясы–қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды бастама. Бұл шараның басты мақсаты–тек қалалар мен ауылдарды емес, табиғи орта мен мәдени ескерткіштерді де таза ұстау. Акцияға қатысушылар саябақтар, көшелер және қоғамдық орындарды қоқыстан тазартып, айналаны таза ұстауға, көгалдандырып, табиғатты қорғауға атсалысады.




Осы орайда Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі мен «Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жастар Таза Қазақстан үшін!» және «Қоршаған ортаны қорғайық!» атты экологиялық акциясы аясында аудан аумағында бірқатар іс-шаралар өтті.

Атап айтар болсақ, Созақ ауданы аумағында 2025 жылдың 7-11 сәуірі аралығында 12 ауылдық округтер мен кенттерде тазалық шаралары өткізіліп, акцияға жалпы саны 972 адам қатыстырылды.

Сонымен қатар, акция аясында ұйымдастырылған жиындарда әр ауылдың тұрғындары мен жастарына «Қоршаған ортаны қорғайық: пластикалық тұрмыс қалдықтарының адам өміріне және табиғатқа әсері» тақырыбында М.Әуезов атындағы ОҚУ Химиялық инженерия және биотехнология жоғары мектебінің «Экология» кафедрасының магистр оқытушысы А.Эркинов арнайы дәріс оқыды.

«Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығы қоғамдық бірлестігі Созақ ауылындағы орталық саябақ пен Құмкент ауылындағы Қызылкөл маңында арнайы пластикалық қоқыс қалдықтарына арналған 4 жәшік орнатты.

«Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығы қоғамдық бірлестігінің басшысы Байзахова Сабира Мұратқызының айтуынша аталған жобаның мақсаты – ауданның барлық тұрғындарын экологиялық мәдениетке шақыру, қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, өз жеріне өзі тазалық жасауға үйрету, сонымен қатар көктемгі тазалық сенбілік жұмыстарын жүргізу, пластикалық тұрмыстық қалдықтардың қоршаған орта мен адам өміріне зиянын кеңінен түсіндіру болып табылады.

Аталған тазалық акциясы Қызылкөл көлінің аумағын тазартуға арналған сенбілік жұмыстарының жүргізілуімен қорытындыланды.

Игі шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығының мүшелері, белсенді жастар мен жергілікті тұрғындар жұмыла қатысты. Қызылкөл маңы мен көлге апарар жол бойы тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Сондай-ақ қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында арнайы пластик қалдықтарға арналған қоқыс жәшіктері орнатылды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы - «Таза табиғат-жарқын болашақтың кепілі. Қоршаған ортаны қорғау-әрбір азаматтың міндеті. Бүгінгі сенбілікке атсалысып, табиғатқа жанашырлық танытқан баршаңызға алғысымды білдіремін. Осындай бірлігіміз бен жанашырлығымыз көпке үлгі болсын! «Таза Қазақстан» акциясы бізге туған жерімізге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін нығайтуға көмектеседі. Экологиялық мәселелерді шешуде осындай ұжымдық әрекеттердің маңызы зор, өйткені таза орта-бәріміздің ортақ игілігіміз»- деп, қатысушыларға жүрекжарды тілегін жеткізді.




Тазалық-тек сыртқы көріністі ғана емес, ішкі тәртіпті де көрсететін маңызды құндылық. Оны өмір салтына айналдыру-денсаулық пен ұзақ өмірдің кепілі.

***«Шаңырақ» қоғамдық бірлестігі.***

# Салық түзелсе, халықтың тұрмысы да түзелмек

***-Салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек. Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек. Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды. Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген. Түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес. Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде. Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз, – деді Президент.***

Иә, сұлу Көкше жерінде өткен Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында көптеген келелі мәселелер көтерілді. Солардан салық жүйесін реформалау ісі ең өзектісі болды. Олай дейтінім, қазіргі таңда салық жүйесі жөніндегі комиссияда 350 тарта адам ресми жұмыс жасап жатқан көрінеді. Мұның тысында тағы да 600 ге жуық адам бейресми комиссия жұмысына тартылып жатқанға ұқсайды. Мамандардың айтуынша салық жүйесін реформалау жөніндегі бұл заң конституцияға бірқатар өзеріс енгізу туралы референдумнан соңғы ең көлемді құжат болып отыр. Әрине, салық жүйесіне үлкен өзгерістер әкелгелі отырған бұл заң жайлы өкімет мүшелері, мәжіліс депутаттарының, арнайы эксперттер менен бірқатар қоғам белсенділерінің және БАҚ өкілдерінің хабары болуы мүмкін. Алайда, Президент айтқандай, былайғы жұрт мұнан мүлдем хабарсыз секілді. Сол себепті де бұқараны қазіргі таңда талқыланып, қабылданудың аз- ақ алдында тұрған бұл өзгерістер жайлы хабардар етіп отыру, өкіметтің, комиссия мүшелері менен эксперттердің және БАҚ өкілдерінің жұмысы деп білемін. Әлбетте, отандық БАҚ- тың бір паршасы болғандықтан біздің «Созақ үні» газетінің де өзі көзі мен құлағы һәм тілі болып табылатын аудан жұртшылығын ақпараттандырып отыру міндеті. Міне, осы себепті де салық жүйесіне өзгеріс алып келуі тиіс, талқыланып жатқан бұл заң жайлы арнайы мамандардың бірқатарының пікірлерін тыңдап, қарап шықтым. Сонымен, мамандардың айтуынша бұл заң қазақстандық қоғам, әсіресе, бұқара халық көптен күтіп, көңілдерінде күпті боп жүрген біраз түйткілді дүниелерді шешуге жұмыс жасайтын көрінеді. Атап айтар болсам, біріншіден, шағын бизнеспен айналысып жүрген 161 мыңдай азамат тапқан табынан 16 пайыз қосымша құн салығын (НДС) төлеуден босатылатын көрінеді. Себебі, қабылданғалы отырған салық жүйесіне сәйкес бұдан былайғы жерде қосымша құн салығын төлеушілердің табысы 40 млн теңгеден асуы тиіс екен. Әрине, жұмысшы топ бұл 40 млн теңгені бекітуге бірден келмегенге ұқсайды. Олай дейтінім, тағы да сол сарапшылардың айтуынша өкімет әуел баста қосымша құн салығын төлеу үшін оның табысы 15 млннан асуы тиіс деген ұсыныс жасаған. Дегенмен, халық қалаулылары бұл ұсынысқа қарсы шығып, осы 40 млннан асуы тиіс деген ұстанымдарын қорғап шығыпты. Өйткені, қосымша құн салығын, яғни, алдын 20- 25 пайызға көтеріліп барып, көптің ұсынысымен 16 пайызға тоқталған қосымша құн салығын төлеу әлгі 161 мың шағын бизнесте жүрген азамат үшін өте аз делінген көрінеді. Тіпті, мына 40 млн теңгенің өзі аз деп отырған сарапшы мамандар да бар екен. Екіншіден, осы салық жүйесі толық талқылаудан өтіп, қабылданып, шілде айында Президент қол қойған соң ресми 2026 жылдың қаңтарынан жұмыс жасап бастауы тиіс. Алайда, банктер және басқа да заңды тұлғалар қаңтар айын күтіп отырмай заң қабылданысымен- ақ осы жаңа салық жүйесімен жұмыс істеулерін бастап кетулері мүмкін деген де ойлар айтылуда. Осы ретте, бүгінге дейін шағын бизнесті құрайтын қалалар менен ауылдардағы қарапайым салық жүйесіменжұмыс жасап келген шағын дүкендер менен басқа да бөлшек сауда орындарының жылдық табыстары 80 млнды құраған болса, бұдан былайғы жерде оның көлемі 2млрдқа дейін баруы мүмкін екен. Мұнан ұсталынатын салықтың көлемі 4 пайыз екен дағы, жергілікті мәслихаттар әкімдіктердің қолдауымен мұның құнын 2 пайызға дейін тағы да түсіре алады екен. Бұл әсіресе бөлшек сауда да және қызмет саласында жүрген кәсіпкерлеріміз үшін өте қолайлы салық жүйесі болып табылатын көрінеді. Сондай- ақ, салық жүйесінің ішінде осы қарапайым салық түрін қалдырсақ, бұл еліміздегі 1,5 млн кәсіпкерге қолайлы болар еді деген сарапшылар да табылды. Үшіншіден, бұрынғы салық жүйесі бойынша салықтың түрі 7 болған екен. Солардан қазіргі салық жүйесіне тек үшеуін ғана: 1. Өзін- өзі жұмыспен қамтығандар үшін жаңа жеңілдіктер режимі. 2. Оңтайландырылған салық декларациясы негізіндегі арнаулы режим. 3. Шаруалар мен фермерлер үшін арнайы салық режимі. Бірсөзбен айтқанда, бұл салық режимдері қоғамда көп талқыланып жүрген: «Несін айтасың, бұлар халықтың табысына қосымша құн салығын салығын салып, бұрынғыдан да жаман қанамақшы!» - деген топтардың алаңдаушылығына кері жауап болмақшы екен. Мысалға, бір отбасының шағын дүкені, шаруашылығы немесе фермасы бар дейікші. Сол кәсіптен тапқан табысы 40 млннан асқанға дейін әлгі отбасы, кәсіпкер кірістер басқармаларының назарына ілікпейді, яғни, 16 пайыз қосымша құн салығын төлемейді. Керісінше, шаруашылығы үлкейіп, бірнеше дүкендер менен фермаларды сатып алып, табысы ұлғайған, капиталы артқан жағдайда ғана салық органдарының назарына ілігентін көрінеді. Ал, оған дейін сол қарапайым ғана салық режимімен жұмыс істеп, әлеуметтік салығыңды, МӘМС- ді төлеп жүрсең болғаны. Демек, бұл салық жүйесі Президент қайта- қайта айтып жүрген қарапайым азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайын арттыруға жұмыс жасайтынға ұқсайды. Төртіншіден, бұл салық жүйесі күні бүгінге дейінгі салық жүйесіндегі олқылықтардың орынын толтырып, кемшіліктерін жоятын көрінеді. Әйтпесе, бұған дейін қайсыбір жауапсыз кәсіпкер азаматтарымыз бен салық органдарының ішіндегі сыбайластыққа барушы зиянкес қызметкерлерінің есебінен мелекетке, халықтың қазынасына қаншалаған шығындар алып келінген. Міне, мына салық жүйесі сондай көлеңкелі бизнестердің барлығын жарыққа шығарып, әділ салық жүйесін құруға мүмкіндік бермек. Сонда ғана мемлекеттің экономикасығ халықтың әлеуметтік жағдайы артпақ. Сонда ғана, Президент, халық айтып жүрген әлгі 162 олигарх бар ғой, солардың жиған- тергені өкіметке, халыққа белгілі болады. Тіпті, осы салық жүйесі негізінде қайсыбір асып-тасып жүрген байшыкештердің зәулім сарайлары менен қымбат көліктеріне, яхталары менен ұшақ, тікұшақтарына, ең арысы ішетін қымбат шараптары мен шегетін қымбат сигараларына да қосымша құн салығын төлету көзделіп отырған көрінеді. Бесіншіден, жаңа салық жүйесі бойынша бірқатар әлеуметтік маңызы бар, халық көп тұтынатын тауарлардың түрлері қосымша құн салығынан босатылғалы отыр екен. Олар: Күнделікті тұтынылатын 19 тауар түрі; Арнайы босатылатын дәрідірмек түрлері; Ауыл шаруашылығы тауарлары. Әрине, бұл жерде қоғам тарапынан: «Егер бұл жаңа салық режимі жұмыс жасап бастағанда халық тұтынатын тауарлардың барлығының бағасы артып кетпейді ма?»- деген алаңдаушылық та бар. Әзірше сарапшыларымыз бұған жол берілмейді деп сендіруде. Дегенмен, әлі талқылауы бітпеген, қабылданып, Президент қол қоюы тиіс бұл салық жүйесі жайлы білгенімізден білмегеніміз көп. Демек, жұмысшы топтың құрамындағы барша өкіметтік және өкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бұл салық жүйесін әлі де қоғамға түсіндіре түседі деп сенеміз. Біз де жергілікті БАҚ ретінде бұл салық жүйесін жайлы жаңалықтарды әлі де назарда ұстап, оқырмандарымызға мейлінше шынайы ақпарат жеткізуге тырасатын боламыз. Алайда, жоғарыда келтірілген жәйттардың барлығын саралай келе, егер осы салық жүйесі қабылданып, қол қойылып, жұмыс істеп бастағанда ел бюджетінің бүйірі шығып, халқымыздың тұрмысы түзеледі деп үміттенемін.

***Данияр БЕК.***

# Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді алаңдатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы  осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жоюға бағытталған, жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және алдын алу шараларын күшейту қажеттігін түсіне отырып, елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы сот жүйесінің рөлі аса маңызды. Экономиканы әрі қарай дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елдердің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуді, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға және азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестен барлық мемлекеттік қызметшілер сырт қалмауы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші тек өз іс-әрекеттері үшін емес, тұтастай ұжымның жұмысы үшін де жауапты. Сонымен қатар, мемлекет жұмыс жасауға лайықты еңбек жағдайларын жасаған соң, мемлекеттік қызметшілерден заңнаманы қатаң сақтауды талап етуге құқылы.

Қазір әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Дүниежүзінде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Мемлекет игілігі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша шараларды қолдану туралы тапсырмаларды орындау әр азамат және кез келген мемлекеттік органға жүктелген міндет.

***Б.ЖУПАРБАЙ,***
***Созақ аудандық соты әкімшісінің аға сот приставы.***

# Қазақ тілінің құндылығы

Қай ұлттың болмасын өзіндік тілі, дәстүрі және діні болады. Бұл үшеуі бірігіп, ұлттың нағыз рухани тірегіне айналады.

Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі  қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілін  ресми тіл, мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз. «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені дасыз».

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы  тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдар арасында құжат айналымның тек мемлекеттік тілде болуын қатаң сақтауды жүзеге асыруда.

Мемлекеттік тілді насихаттау үшін әрбір азамат өзінің тілін, тарихын терең де жете білуі керек. Тіл байлығы  елдің, ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалыптасып отырады. Тіл халықтың жаны, халқымыздың аса бай рухани қазынасы. Барлық әлем тану үшін, тіліміздің мәртебесін биік ұстануымыз керек. Мемлекеттік тілді дамытуға байланысты әр-түрлі іс-шаралар өткізіп отыру. Қызмет бабы бойынша қазақ тілінде кәсіптік терминдер қолдану мемлекеттік тіліміздің дамуына қосар үлесі зор.

***Қ.КӨБЕТАЕВА,***
***Созақ аудандық соты әкімшісінің бас маманы.***

# Жемқорлықпен бірге күресейік!

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

***Ләззат ЖҰМАҒҰЛҚЫЗЫ,***
***Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.***

# Безгек аурушаңдығы

Безгек-бұл инфекциялық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, алас ұрғызады Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, маса-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталатын ауру түрі. Безгек- Plasmodium тұқымдасындағы қарапайымдылармен шақырылатын, трансмиссивті механизмен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен, анемиямен өтетін антропонозды инфекция. Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың өсуі болады. Алдын алу: Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күшжігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу шаралары жедел іске асырылуға тиіс, өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек. Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды. Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз. Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде хабарлап, айтыңыз және олардың қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз. Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі банк немесе құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын немесе батпақты құрғатыңыз. Құмдарды бамбук қадаларымен толтырыңыз. Безгекке қарсы дәрілерді ұдайы пайдалану арқылы безгекті болдырмауға болады немесе оның таралуын елеулі түрде азайтуға болады. Безгекті шеттен енгізуге қарсы шаралар; Аурулар мен паразит тасымалдаушыларды уақытында айқындап емдеу. Химиопрофилактика және этиотропты препараттар: безгек ұстамасының тоқтауына тасымалдаушылық қалыптасуына қарсы.

***Х.ОСПАНОВ,***
***Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.***

# Орманда тазалық сақтайық!

Көктем келіп, күн жылынғалы табиғат аясына шығып, демалушылардың саны артары бәрімізге белгілі.

Көп азаматтар табиғат аясында тазалық сақтамай, демалып отырған жерлерін ластап, қоқыстарын жинамай кететіні жанымызға батады. Табиғатта тазалық сақтамау, оны ластау, болашақ ұрпақ үшін, келешек үшін үлкен зардап әкелері белгілі. Соны біле тұра қасақана зиян келтіру-табиғатқа деген жауыздық деп білеміз.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғау, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

***Н.ЖҰПАРБАЙ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.***

# Сексеуілді қорғау-әр азаматтың міндеті

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

***Б.ТӨРЕБАЕВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.***

(Соңы. Басы 6-бетте).

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 061 по 073) | 060 | 107 444 | 74 611 |
| приобретение основных средств | 061 | 107 444 | 52 147 |
| приобретение других долгосрочных активов | 063 | | 22 464 |
| 3. Чистая сумма денежных средств от инвестиционной деятельности (стр.040-стр.060) | 080 | -107 444 | -74 611 |
| 6. Увеличение (+)/уменьшение (-) денег (стр030+-стр080+-стр110+-стр120+-стр130) | 140 | -8 351 | -1 422 |
| 7. Денежные средства и их эквиваленты на начало отчетного периода | 150 | 28 025 | 28 031 |
| 8. Денежные средства и их эквиваленты на конец отчетного периода | 160 | 19 674 | 26 609 |

# Жеміс ағашының бактериалы күйігі-карантинге жатқызылған ауру

Зақымдалған жеміс ағаштары – алма, алмұрт, беке, долана, мушмулла, ырғай, шетел, ирга. Әсіресе жол бойындағы орман алқабы, әсемдік ағаштар инфекцияның резерваторлары болып табылады.

Морфологиясы. Ауру қоздырғыштарының өніп өсуіне ең қолайлы температурасы 25-28қС Ал-35-37қС бактериялардың тіршілігі тоқтайды. Олар құрғақшылыққа және суыққа төзімді келеді. Ауаның температурасы 45-48қС- қа жетсе 10 минуттан кейін өледі.

Биологиясы. Бактериалды күйік қоздырғышы тек қана ауырған ағаштың ішінде қыстап шығады. Ағаштың оның жараларында ақ сүйықтық (экссудаттар) пайда болып, ерте көктемде гүлдерге жұғады. Ауру қоздырғышы өніп-өсіп, бактериялар ағаштың бұтақтарына, діңіне тарап соңынан ағашты түгелдей құратып жібереді.

Қоздырғыштың белгілері. Көктемде бактериялар өсімдік ағашына гүл, жарақат, жарықтар, тыныс саңлауы арқылы кіріп еніп алады. Ауру қоздырғышы өркеннің (побег) жоғарғы жағынан басталады, содан соң ауру қоздырғышы өсіп-өніп гүлдерде, бұтақтарда, жапырақтарда, жемістерде пайда болады. Бүршік гүлдер ашылмай қоңыр түс содан кейін қара түске айналады, бірақ үзіліп түспейді. Жас өркендер (побег) қоңыр түске айналып, кейін көп жағдайда ұш жағы иіледі (пастуший крюк) деп аталады.

Зияндылығы. Ауру қоздырғышы жеміс өсіру шаруашылығына үлкен қауіп төндіреді. Оның экономикалық шығыны-өнімді жоғалту, ағаштардың қурауы мен бірге ауырған ағаштарды түбімен қопарып алып тастау. Кейбір жемісті бауларда жеміс дақылдарының бактериялы күйігі 90%-ға дейін залалданады.

Жеміс ағашының көшеттері мен бұтақшаларын өте мұқият қол лупасымен немесе микроскоппен қарап шығу керек, қоздырғыштың сыртқы белгілерін анықтау үшін. Алынған үлгілер Алматы қаласы, Тәттібеков көшесі 192/2, карантиндік зертханаға жіберіледі, сол себептен шаруа қожалықтарымен жеке тауар өндірушілер түсіністікпен қарап жәрдем беруі керек.

Күрес шаралары.

-Ауру қоздырғышы шыққан елдерден, жеміс ағаш көшеттерін және ұлайтын қаламшаларының алып келуіне жол бермеу.

-Жеміс ағаш бауларын, сәндік ағаш екпелерін (жол бойында, парктер) және көшет өсіретін питомниктерде алдын ала бақылау жүргізу.

-Ауру қоздырғышы жеміс ағаш алқаптарында күдік тудырған белгілер болған жағдайда бактериалды анализге орташа үлгілер алынады. Ауру қоздырғышы күдік тудырған белгілер болған жағдайда бактериалды анализге орташа үлгілер алынады. Ауру қоздырғышы анықталған жағдайда барлық ауырған жеміс ағаштарын түп-тамырымен жұлынып алынады, фитосанитариялық шараларды сақтай отырып жақын орналасқан жеміс ағаштары түбімен алынып тасталады, әсіресе (Розоцветный) тұқымдасына жататын жеміс ағаштары.

- Профилактика есебінде – жеміс ағаштарының құрамында мысы бар. Купраксан. 34.5%т. пс, Хлорикись меди 90% с.п және оксалин қышқылы бар препараттармен өңдеу. Өңдеу бірнеше рет жүргізіледі.

***Р.БУКЕШОВА,***
***Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.***

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңы талаптары бұзылған жағдайда «Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 4-11-00 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

***«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.***

## Пейіштен орын берсін жасаған



Аққолтық ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, өмірінің еңбек жолын білім саласына арнаған **Нұржігітұлы Қалибек** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес.

*Асыл жан ең бәрімізге қадірлі,*
*Бәрінен де биік қойдың арыңды.*
*Ұл-қызыңды тәрбиелеп өсірдің,*
*Олардан сен аямадың барыңды.*
*Ажал сені алып кетті ортадан,*
*Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан.*
*Жатқан жерің жайлы болсын әкешім,*
***Пейіштен орын берсін жасаған,*** - дей келіп, Қалибек Нұржігітұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 3 мамыр күні (2 мамыр – қонақ асы) Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында беріледі.**

***Асқа шақырушылар: Нұржігітовтер әулеті.***

# Қызметіне кіршіксіз адал еді...

Мейірман ағамызды кешегі комсомол, кейінгі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап танып білдік. Туған жері Бақырлы-Сарыжаз, 1972-81 жылдары алғаш білім есігін аттаған Қаратаудағы Панфилов атындағы орта мектебі. Ол кісінің туған жылы 1963 жылдың қарашасы, яғни жылдың аяққы айы болғандықтан 1964 жылы туылғандармен мектепке қатарлас аттайды. Оның үстіне денесі де шағын болған соң, ата-анасы қатая түссін деген болуы керек. Бір жасқа үлкен болғанымен класстары арасында орта деңгейде біреуден қалмаса да, біреуден озбаса да ел деңгейлі өмір сүрді. 1984-87 жылдары Кентау қаласындағы тау-кен металлургия техникумында оқып, тау-кен инженері мамандығын алады. Оқуын бітірген соң Жезқазған кен-металлургия комбинатында инженер болып қызмет атқара жүріп, 1990-94 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтын сырттай бітіріп алады. Мемлекеттік басқару академиясының бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша білімін толықтыра түседі. Одан бері де Созақ ауданы әкімдігі экономика және қаржы бөлімінің басшысы, қаржы бөлімінің меңгерушісі болып, ауданның күре тамыры, жүрегі саналатын бюджетін саралайтын бас қаржыгер қызметін атқарды. Отбасында Зылихадай аяулы, асыл, жан серігі екеуі Айжан, Шолпан, Мағжан атты ұл-қыздарды тәрбиелеп, білімдендіріп, ұясы мен қиясына қондырды. Жақсының жалғасындай болған Мағжан ініміз әке жолын ұстанып аудандағы «Халық банк» АҚ-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінде қаржыгер болып қызмет атқарып жүр. Зылиха жеңгеміз ұзақ жылдар аудандық орталық кітапханада кітапханашы болып еңбек етті. Соңғы жылдары А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің кітапханашысы. Айжан атты қызы отбасылы. Оңтүстік Қазақстан Медицина академиясын «Мейірбике» мамандығы бойынша тамамдаған. Шымкент қаласында «Атамекен» медицина орталығында халық денсаулығы жолында қызмет атқарады.

Шолпаны Мемлекеттік педагогика университетінің информатика-математика факультетін «математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған. Университеттің магистранты. Бүгінгі күні Алматы қаласындағы №15-ші мектеп гимназиясында ұстаздық етуде. Жанұялы. Кенжесі Мағжан болса, Петропавл қаласындағы М.Қозыбаев атындағы мемлекеттік университетінде «Радиоэлектроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша білім алған.

Мейірман ағамызды қаржы саласында қызмет атқарды деп бір қатар сөйлеммен жаза салу оңай шығар. Алайда қызмет етіп, жұмыс жасау қиынның қиыны болды. Түннің жарымына дейін төртінші қабаттың жарығы түгел жанып тұратын.

Айлық есеп, жылдық есеп, білім, денсаулық, жалақы, зейнетақы, кіріс-шығыс есебін айқын, анық болуы керек. Бүкіл аудан халқының тағдыры сол цифрларға қарап



гүлденеді, өседі, ел мен жердің әлеуеті көркейеді. Бұрын Мейірман ағамыздың отбасы осы Ы.Алтынсарин мектебінің жоғарырақ орналасқан үйде тұратын. Сонда бір жолы үйіне қонаққа шақырды. Алматыдан досы, кластасы Қалжеков Бауыржан ағамыз бар, Қасымов Манас ағамыз бар, тағы ауылдан келген бір-екі достары бар. Бір тамаша отырыс болды. Мейірман ағамыз сонау бала кезіндегі ата-әжелерінен естіген әңгімелерді айтып отырды. Аңшылық жайлы, төрт түліктің қыры мен сыры жайлы, Сарыжаз, Бақырлыдағы әулиелер, киелі жерлерді көптеп біледі екен. Әкесі енді шаруашылықта істеген, білетіні көп кісі болса керек. Ағаларымыз айтушы, мен тыңдаушы болып қайтқаным бар.

Өмірінің соңғы жылдары Мейірман ағамыз білім бөлімінде бас экономист болып қызмет атқарды. Қай жерде жұмыс істесе де елге елеулі, халыққа абыройлы болды. Әріптестерінің, достарының арасында, ұжымдастарының алдында өз атына кір келтірген жоқ. Тап-таза жүретін, мұнтаздай киінетін, қай істе болмасын тап-тұйнақтай тірлігімен ғана танылған азамат еді...

Жұмыс бөлмесіне анда-санда бара қалсаң, көзәйнегін киіп алып, құлағына қарандашин қыстырып алып, шұқшиып ақ қағазды жайып тастап отырушы еді.

Мейірман ағамыз көпшіл, ақ көңіл, қашан көрсең жымия күліп, жайдары мінезімен көппен тіл табысып жүретін. Ол қасиеті қарапайым отбасының шыққандығынан болса керек. Қараша жұртпен қатарлас жүрді. Ең бастысы қызметіне кіршіксіз адал болды.

Бала шағасының рахатына бөленіп, енді аз ғана уақытта зейнеткерлік жастың үзеңгісіне аяғын салып тұрғанда, көп жылдардағы бейнетінің зейнетін көрер тұста ажал аран килігіп асыл азаматты арамыздан алып кетті. Амал нешік... Енді көзін көрген, еңбегін білетін есімін танитын азаматтар айта жүреді ұмытпайды деп ойлаймын. Ендігі айтарым артында қалған ұрпақтарына, жарына ғұмыр берсін! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатты болсын!

***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

**Дін-діңгек**

# Ақпараттық қоғамның болашағы

Ақпараттық қоғам – жаһандану үдерісіндегі әлемдік бәсекеге қабілеттіліктің, даму индексінің өзегі. Сондықтан да, Қазақстан осы саланы дамытып, ақпараттық-инновациялық технологияларды игеруге, телекоммуникациялық әлеуетті арттыруға барынша күш салып келеді. Бұл мемлекетіміздің даму стратегиясынан туындайтын аса маңызды міндеттер.

Қазіргі әлемде ақпараттық қоғам деген түсінік өте маңызды орын алады. Әлеуметтік желілер мен интернеттің кең таралуы, цифрлық технологиялардың дамуы, ақпараттың жылдам таралуы біздің өмірімізді түбегейлі өзгертіп жатыр. Ақпараттық қоғам дегеніміз – бұл қоғамда ақпарат басты ресурсқа айналуы, адамдардың әртүрлі деректер мен білімдерге қол жеткізуі, оны тиімді пайдалануы. Дегенмен, ақпараттық қоғамның болашағына қатысты бірнеше мәселе бар, ол қоғамға пайда әкеліп қана қоймай, кейбір жағдайда зиян да тигізуі мүмкін.

Ақпараттық қоғамның басты пайдасы оның дамуы мен технологиялық жетістіктерді енгізу арқылы көптеген салаларды жақсартуға мүмкіндік беретіндігі болып табылады. Мысалы:

-Білімнің қолжетімділігі. Ақпараттық қоғамның басты артықшылығы–білімнің қолжетімділігін арттыру. Интернет пен онлайн платформалардың арқасында кез келген адам өзіне қажетті білімді іздеп, үйрене алады. Онлайн курстар мен университеттердің қашықтан оқу бағдарламалары білім алуды жеңілдетіп, ақпараттың шекарасын кеңейтті. Бұрын қол жетімсіз болып келген ақпараттар бүгінгі күні ғаламтор арқылы тек бір рет басу арқылы қолжетімді.

-Жаһанданудың артуы. Ақпараттық қоғамның арқасында әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар арасындағы байланыс нығайды. Телефония, интернет, әлеуметтік желілердің арқасында біз өзіміздің елімізден тысқары жердегі адамдармен оңай қарым-қатынас жасай аламыз. Бұл жаһандық деңгейде мәдениет алмасуды, халықаралық ынтымақтастықты, экономикалық байланыстарды нығайтуға көмектеседі.

–Экономиканың тиімділігі. Ақпараттық технологиялар экономикада үлкен өзгерістер әкелді. Өндірістің автоматтандырылуы, роботтар мен жасанды интеллекттің қолданылуы, қаржылық қызметтердің онлайн жүйеге көшуі – бұл экономиканы тиімді етуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдағы еңбек өнімділігін арттырып, адамдарға тиімді жұмыс жасау мүмкіндігін береді.

–Мемлекеттік басқару және қоғамдық қызметтердің жақсаруы. Ақпараттық қоғам мемлекеттік басқару саласына да өз ықпалын тигізді. Онлайн қызметтер мен электрондық үкімет жүйесінің енгізілуі халыққа мемлекеттік қызметтерді жеңіл әрі жылдам алуға мүмкіндік береді. Бұл қоғамның мемлекеттік құрылымымен байланысты мәселелерді тез арада шешуге көмектеседі.

Алайда, ақпараттық қоғамның дамуы белгілі бір қиындықтар мен қауіптерді де бірге алып келеді. Солардың ішінде негізгі зияндары:

–Цифрлық теңсіздік. Ақпараттық қоғамның артықшылығын барлығы бірдей пайдалана алмайды. Интернетке қол жетімділігі жоқ немесе ол білім мен ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін адамдар мен өңірлер бар. Бұл цифрлық теңсіздіктің артуына әкеледі және қоғамның белгілі бір топтары ақпараттық ресурстарға тең деңгейде қол жеткізе алмайды.

–Ақпараттық қауіпсіздік және жеке мәліметтердің сақталуы. Ақпараттық қоғамның дамуымен бірге, интернет пен әлеуметтік желілерде жеке ақпараттың ұрлануы, алаяқтық пен киберқылмыстардың саны да артты. Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі құпия деректерді сақтау мәселелерін көтерді. Пайдаланушылардың жеке өмірі мен деректерінің қорғалмауы үлкен қауіпке айналды.

–Қоғамдық пікірді манипуляциялау. Ақпараттың кең көлемде таралуы қоғамның пікірін қалыптастыруда белгілі бір қиындықтарға әкеледі. Интернет пен әлеуметтік желілерде жалған ақпараттар мен фейк жаңалықтар таралып, олар қоғамдық пікірге әсер етеді. Бұл қоғамның дұрыс ақпаратқа қол жеткізуін қиындатады, ал қоғамда қате пікірлер мен түсінбеушіліктер туындайды.

–Психологиялық мәселелер. Ақпараттық қоғамда өмір сүру адамдардың психологиялық жағдайына да әсер етеді. Әлеуметтік желілерде үнемі байланыста болу, цифрлық әлемде өмір сүру адамдардың өзін-өзі бағалауы мен эмоционалды жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Үнемі өздерін басқалармен салыстыру, сыртқы көрінісіне, әлеуметтік мәртебесіне көңіл бөлу адамдарды стресске, депрессияға ұшыратуы мүмкін.

**Қорытынды**

Ақпараттық қоғамның болашағы жарқын, алайда ол бізге тек мүмкіндіктер мен пайда әкелмейді, сонымен бірге түрлі қиындықтар мен қауіптерді де ұсынады. Ақпараттық қоғамды дамыту барысында оның пайдасын максималды түрде пайдалану және зиянын барынша азайту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу керек. Мемлекет, қоғам және жеке тұлғалар ақпараттық сауаттылықты арттыру, жеке деректерді қорғауды қамтамасыз ету, цифрлық теңсіздікті жою жолында бірлесіп әрекет етуі қажет. Болашақта ақпараттық қоғам технологиялардың жаңа дәуіріне айналып, өміріміздің барлық саласын қамтып, бізге көптеген жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар ұсынатын болады.

***Қ.МОЛДАБЕК,***
***Теолог маман.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3000 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.